

**№6 Хромтау гимназиясының 2014-2015 оқу жылындағы  
ҰБТ бойынша алдын – ала тестілеу қорытындысына  
Анықтама**

**(қазан айы)**

ҰБТ- ол жалпы орта білім беру ұйымдары бітірушілерінің қорытынды мемлекеттік аттестатталуы, білім ұйымдарынан тәуелсіз жалпы орта білім сапасын бағалайтын, жаңа технологияларға негізделген мемлекеттік жүйе. Ол төмендегідей басты мақсаттары айқындайды:

- 1.Білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалайды;
- 2.Олардың нақты рейтингтерін анықтайды;
- 3.Жалпы орта білім беру мәселелеріне жұртшылықтың назарын күшейтеді;
- 4.Оқушылар мен мұғалімдердің оқу қорытындысын, білімін дәлелдейді;
5. Білім бағытын және мазмұнын жетілдіреді;
- 6.Оқушы мен мұғалім арасында тығыз байланыс орнатып,пәнді жүйелі пысықтауға мүмкіндік алады.

*ҰБТ-ның негізгі міндеті* - мемлекеттік қадағалау арқылы білім сапасын әділ бағалау. ҰБТ - оқушылар мен ұстаздардың бірлескен еңбегін бағалайтын, білім сапасына қол жеткізетін өте дәл көрсеткіш болып табылады. Тест әр пән бойынша 25 тапсырмадан тұрады, өткен оқу жылынан бастап 5 пәннен оқушылар білімі сарапқа салынады. Мұнда мектеп бағдарламасының негізгі бөлімдерінің мазмұны мен әр түрлі қиындық деңгейлері қамтыла отырып, мемлекеттік білім стандартына сай жасалған.

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы № 213 бұйрығымен бекітілген заң негізінде* 2014-2015 оқу жылында гимназияда 11 – класты ҰБТ- ге дайындау мақсатында жоспар және сабақ кестесі құрылып,бекітілді. Барлық жоспарланған жұмыстар уақтылы жүргізілуде. Пәндер бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылып өтуде.

Гимназияда 11 класта 22 оқушы оқиды. Класс жетекшісі Азырова А.Б. Қазан айының 22 күні 21 оқушы қатысты. Ол 95 пайыз . 21 оқушының 10- физика пәнін, 5- биология пәнін, 2- география пәнін, 1- ағылшын тілі пәнін, 1- химия пәнін 2- қазақ әдебиетін таңдау пәні ретінде тапсырды. Жалпы гимназия бойынша **орташа балл 80,2.**

**Шеткі деңгейге жетпеген екі оқушы, Айтбаев Аққуан, Рамазанов Берік.**

**Ең жоғарғы балл Зеин Жібек – 115, Айжігіт Жанна- 100.**

«Алтын белгі» белгісіне үміткер 3 оқушыда растамады, Олар (Кәрібай Ғазиза, Нұралла Саят, Рахметова Нұрайым).

**100 балдан артық жинаған 2 оқушы болды.**

**Барлығын «беске» тапсырған – 1 оқушы: Зеин Жібек- 115**

Пәндер бойынша білім сапасы төмендегідей:

Пәндер	Оқушы саны	Орташа балл	Сапа %	«5»	«4»	«3»	«2»	пән мұғалімдері
математика	21	<b>13,9</b>	66,6	2	12	7	-	Темірбаева М.Д.
қазақ тілі	21	<b>19,2</b>	90,4	8	11	2	-	Спанова А.С.
орыс тілі	21	<b>16,7</b>	80,9	12	5	4	-	Ермағамбетова Г. Жиенгазина А.
қазақстан тарихы	21	<b>15,3</b>	71,4	3	12	6	-	Тлеуова М.
физика	10	<b>14,4</b>	70	1	7	2	-	Курманова К.
география	2	<b>18</b>	100		2		-	Абдикешов Д.
ағылшын тілі	1	<b>16</b>	100		1		-	Азырова А.Б.
әдебиет	2	<b>9,5</b>	0			2	-	Спанова А.С.
биология	5	<b>16,6</b>	100	1	4		-	Райымбаева М.
химия	1	<b>19</b>	100		1			Райымбаева М.

Кестеде көрсетілгендей жеке пәндер бойынша орташа балды қарастырсақ, пәндерді былай орналастыруға болады:


- Қазақ тілі – 19,2
- Химия-19

- География – 18
- Орыс тілі – 16,7
- Биология – 16,6
- Ағылшын тілі - 16
- Қазақстан тарихы – 15,3
- Физика 14,4
- Математика – 13,9
- Қазақ әдебиеті-9,5

**Кестеде көрсетілгендей ҰБТ пәндері бойынша 20 балдан жоғары жоқ**

**Төмен орташа балл жинаған:**

- **Қазақ әдебиеті пәнінен – 9,5 балл мұғалімі Спанова А.С. (тапсырған 2 оқушы);**  
**100% білім сапасымен тапсырған: география (Абдикешов Д.А.), ағылшын тілі (Азырова А.Б.), биология (Райымбаева М.Б.), химия (Райымбаева М.Б.).**



Әр пән бойынша мұғалімдер төмен балл алған оқушылардың жіберген қателері қандай тақырып бойынша екенін анықтап қатемен жұмыс жасады. Математика пәнінен Айтбаев Аққуан 8 балл, Нұралла Саят 9 балл. Орыс тілінен Рамазанов Берік 8 балл, Айтбаев А, Амангелдина Д. 9 балл. Қазақстан тарихынан Алисова Ақтолғай 8 балл, Рамазанов 9 балл. жинап отыр. Осы аталған оқушылармен пән мұғалімі қосымша тапсырмалар жүргізуде.

«Алтын белгі» үміткерлері Кәрібай Ғазиза орыс тілі, тарих пәндерінен 4 бағасын, ал матем, әдебиет пәндерінен 3 бағасын, Нұралла Саят орыс тілі, тарих пәндерінен 4 бағасын, ал математикадан 3 бағасын, Рахметова Нұрайым матем, қазақ тілі, ағылшын пәндерінен 4 бағасын алып отыр. Пән мұғалімдері бұл оқушылармен жіберілген қателіктер бойынша жеке жұмыстанды.

**Ұсыныс:**

- 1 Пән мұғалімдері тест нәтижесі бойынша талдама жұмыстарын жасап, жіберген қателіктер бойынша оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу.
- 2 Көрсеткіші төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу.
- 3 «Алтын белгі» үміткерлерінің қазақ тілі, орыс тілі, тарих, физика және математика пәндерінен жіберген қателіктерін талдап, қосымша жұмыстар жүргізу.
- 4 Пән мұғалімдері, класс жетекшісі оқушылардың жеке партфолиосының жүргізілуін қадағалау.

Орындаған: Жаржанова Ж.Қ. тел:27-7-49